

Арнаулы жедел-ізвестіру шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасында өндіру үшін арнайы материалдар мен жабдықтарды импорттау, экспорттау, өткізу және пайдалану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 қыркүйек N 1247. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.23. N 528 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.23. N 528 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Арнаулы жедел-ізвестіру шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасында өндіру үшін арнайы материалдар мен жабдықтарды импорттау, экспорттау, өткізу және пайдалану ережесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 4-қосымшада:

"Арнаулы жедел ізвестіру шараларын жүргізу үшін арнайы техникалық құралдар, акпарат қорғау құралдары, қос мақсаттағы басқа техника (оларға бөлшектерді, қолданбалы бағдарламалар пакетін қосқанда), арнайы техника құралдарына нормативтік-техникалық құжаттама (конструкторлықты, пайдаланулықты қосқанда)" деген жолда:

"Тауардың аты" деген 1-бағанда "қос мақсаттағы" деген сөздер "екі ұдай қолданыстағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"СЭҚ ТН коды" деген 2-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"830170000, 847130000, 847141900, 847149900, 847150900, 847330100, 851750, 851780900, 8525, 852610900, 852691, 8527, 854389900, 901910900, 9006, 902219000, 902229000 (тек арнайы техникалық құралдар, акпарат қорғау құралдары және екі ұдай қолданыстағы басқа техника)";

2) көрсетілген қаулыға 5-қосымшада:

"Арнаулы жедел іздестіру шараларын жүргізу үшін арналған арнайы техникалық құралдар, ақпарат қорғау құралдары, қос мақсаттағы басқа техника (оларға бөлшектерді, қолданбалы бағдарламалар пакеттерін қосқанда), арнайы техника құралдарына нормативтік-техникалық құжаттама (конструкторлықты және пайдаланулықты қосқанда)" деген жолда:

"Тауардың атауы" деген 1-бағанда "қос мақсаттағы" деген сөздер "екі ұдай қолданыстағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"СЭҚ ТН коды" деген 2-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"830170000, 847130000, 847141900, 847149900, 847150900, 847330100, 851750, 851780900, 851810, 851840, 851850900, 852032, 852033, 852090900, 8521, 8525, 8526, 8527, 854389900, 900219000, 900580000, 9013, 901910900, 9006, 902219000, 902229000 (тек арнайы техникалық құралдар, ақпарат қорғау құралдары және екі ұдай қолданыстағы басқа техника)".

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 26 қыркүйектегі

№ 1247 қаулысымен

бекітілген

Арнаулы жедел-іздестіру шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасында өндіру үшін арнайы материалдар мен жабдықтарды импорттау, экспорттау, өткізу және пайдалану ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже "Жедел-іздестіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі және "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және арнаулы жедел-іздестіру шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдардың импорты мен экспорты, сондай-ақ арнаулы жедел-іздестіру шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды өндіруге арналған арнайы материалдар мен құралдарды жедел-іздестіру қызметінің субъектілері емес жеке және заңды тұлғалардың импорттау, өткізу және қызмет әрекетінде пайдалану тәртібін б е л г і л е й д і .

2. Арнаулы жедел-іздестіру шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға (бұдан әрі - АТҚ) жасырын түрде ақпарат алу мақсаты үшін арнайы әзірленген, жасалған, бейімделген немесе бағдарламаланған барлық техникалық құрал жатады. АТҚ-ны әкелу және (немесе) жасау тек тапсырыстар

бойынша әрі жедел-ізвестіру қызметі субъектілерінің (бұдан әрі - ЖІҚ субъектілері) мүддесі үшін жасалады. Экспорты мен импорты лицензиялауға жататын АТҚ түрлерінің тізімі 1-қосымшада көрсетілген.

3. АТҚ өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтар деп, жасырын түрде ақпарат алумен байланысты емес, арнайы немесе тұрмыстық мақсат үшін әзірленген, сонымен қатар белгілі бір жағдайда және (немесе) жетілдіру арқылы бұл бұйымдарды жасырын түрде ақпарат алу мақсаты үшін пайдалануға болатындай қасиеттері, ерекшеліктері немесе сипаттамалары бар екі ұдай қолданылатын техникалық құралдар (бұдан әрі - ЕҚТҚ) түсініледі. Импорты лицензиялауға жататын ЕҚТҚ түрлерінің тізімі 2-қосымшада көрсетілген.

4. Жасырын түрде ақпарат алуға ЕҚТҚ-ны қолдану осы бұйымды АТҚ ретінде қолдану деп қарастырылуы тиіс.

5. ЕҚТҚ-ны жасырын түрде ақпарат алу үшін пайдаланудың алдын алу мақсатында ЕҚТҚ-ның бөлек тізіміне (2-қосымша) өткізу мен пайдаланудың ерекше тәртібі белгіленеді.

6. Жеке өмірге қол сұғылуына, хат алмасу, телефонмен сөйлесу, пошталық, телеграфтық немесе өзге байланыс түрлері құпиясының бұзылуына әкелген ЕҚТҚ-ны жасырын түрде ақпарат алу үшін пайдалану (АТҚ ретінде) заңнамамен белгіленген жауаптылыққа соқтырады.

2. Қазақстан Республикасында АТҚ (ЕҚТҚ) импорты мен экспортының тәртібі

7. Қазақстан Республикасында АТҚ және ЕҚТҚ импортын, экспортын және оларды өткізуді ЖІҚ субъектілері, сондай-ақ тауардың импортына (экспортына) лицензия алған жағдайда қызметтің осы түрін жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалар жүзеге асырады.

8. АТҚ-ны және ЕҚТҚ-ны өткізу саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензияны АТҚ саласындағы лицензиялық орган (Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, бұдан әрі - ҚР ҰҚК) береді.

9. АТҚ және ЕҚТҚ импортына (экспортына) лицензияны АТҚ саласындағы лицензиялық органның (ҚР ҰҚК) немесе оның аумақтық бөлімшесінің келісімімен Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі б е р е д і .

10. Экспорттық-импорттық операцияларды келісу және тауардың АТҚ-ға немесе ЕҚТҚ-ға жату мәнісіне техникалық зерттеу жүргізу мақсатында әкелуші ҚР ҰҚК-ге мыналарды ұсынады:

1) техникалық зерттеуге бұйымның құрылымдық ерекшеліктері туралы мәліметтерді көрсете отырып, белгіленген үлгіде өтініш (3-қосымша);

2) қарауға жататын тауардың техникалық құжаттамасы немесе үлгісі;

3) тауарды тұтынушы мен оны әкелушінің арасындағы келісім-шарттың (ш а р т т ы ң) к ө ш і р м е с і .

11. АТҚ жасауға лицензиясы бар заңды және жеке тұлғаларға АТҚ-ға және ЕҚТҚ-ға жатқызу мәнісіне техникалық зерттеу жүргізуге рұқсат етіледі. Ұсынылған қызметтерге ақы төлеу тауарды әкелушінің есебінен жүзеге асырылады.

12. ҚР ҰҚК осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген барлық құжатты алған күннен бастап 5 күн ішінде лицензия алушы тауар импортының (экспортының) мүмкіндігі туралы шешімді келіседі.

13. АТҚ және ЕҚТҚ импортына (экспортына) лицензия беру туралы шешімге келісім беруден бас тарту үшін мыналар негіз болады:

1) мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келу мүмкіндігі туралы техникалық зерттеу нәтижелері бойынша жасалған қорытынды;

2) өтініш иесі тапсырған құжаттарда анық емес немесе бұрмаланған ақпараттардың болуы.

14. Тауар АТҚ-ға жатқызылған ретте, егер оның тұтынушысы жедел-ізвестіру шараларын жүргізуге құқығы бар, осы АТҚ соларды жүзеге асыруға арналған ЖІҚ субъектісі болған жағдайда ғана тауардың импортына рұқсат беріледі.

15. Тауар ЕҚТҚ-ға жатқызылған ретте ҚР ҰҚК бұйымды (2-қосымша) қолданудың (құрастырудың) нақты тәсілін анықтайды, олар ҚР ҰҚК-мен және оның аумақтық бөлімшелерімен қосымша келісілуге тиіс.

3. ЕҚТҚ-ны өткізу тәртібі

16. ЕҚТҚ-ны өткізуді жүзеге асырушы заңды немесе жеке тұлға сатылған ЕҚТҚ тізілімін белгіленген нысан (4-қосымша) бойынша толтырады. Тізілімнің көшірмесі ҚР ҰҚК-ге жарты жылда бір рет немесе ҚР ҰҚК-нің талап етуі бойынша тапсырылады, бірақ екі айда бір реттен көп емес.

17. Қолданылу тәсілі келісілуге тиісті бұйымдар тізімі (2-қосымша) бойынша ЕҚТҚ-ны ЖІҚ субъектісі емес заңды және жеке тұлғаларға өткізу тұтынушы ЕҚТҚ-ны пайдалану тәртібін ҚР ҰҚК-мен келіскеннен кейін жүзеге асырылады.

18. ЕҚТҚ-ны қолдану (құрастыру) тәсілін келісу үшін тұтынушы ҚР ҰҚК-ге мынадай құжаттар тапсырады:

1) тауарды пайдалануға бекітілген үлгідегі өтініш (5-қосымша);

2) бұйымның техникалық құжаттамасы;

3) ЕҚТҚ-ның құрастыру сызбасы (сұлбасы);

4) бақылаудың арнайы түрі оларға қатысты өткізілетінін қызметкерлерге және (немесе) басқа да адамдарға бақылаудың осы түрі өткізілетіндігі туралы алдын ала жазбаша хабарландырылғанын растайтын құжат немесе алдын-ала хабарландыруды қамтамасыз етуге жазбаша міндеттеме.

4. ЕҚТҚ-ны қолдану тәртібі

19. ЕҚТҚ-ны құрастыру мен пайдалануға қосуды, егер "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен осы қызметтің лицензия алуы көзделген

болса, тиісті топқа жататын техникалық құралдарды құрастыруға лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалар жүзеге асыруға тиіс.

20. ЕҚТҚ-ны пайдалана отырып телефонмен және өзге де сөйлесуді тыңдау, аудио-, бейнежазба немесе кино-, фототүсіру арқылы бақылау, байланыстың техникалық арналарынан, компьютерлік жүйелерден және өзге де техникалық құралдардан ақпарат алу азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау мақсатында бақылаудың көрсетілген түрі жүргізілетін немесе жүргізілуі мүмкін осы ұйым қызметкерлерінің жазбаша келісімімен жүргізілуі тиіс.

21. Осы Ереженің 20-тармағында көрсетілген бақылау түрлерінің тым болмағанда бірі жүзеге асырылып жатқан жерге өте жақын немесе үй-жайдың ішінде жүрген адамдарға бақылау өткізіліп жатқандығы туралы көрнекті жерге ескертпе жазбалар жазып қою, дауыстап хабарлау арқылы немесе өзгелей тәсілмен алдын ала ескертілуі тиіс.

22. ЕҚТҚ құрастырылғаннан кейін ҚР ҰҚК оның қолданылу тәсілін тексере алады, сондай-ақ ЕҚТҚ-ның болуына және пайдаланылуына жоспардан тыс тексеру жүргізуі мүмкін, бірақ жарты жылда бір реттен артық емес.

1-қосымша

Экспорты мен импорты лицензиялауға жататын, жасырын түрде ақпарат алуға арналған арнайы техникалық құрал түрлерінің

ТІЗІМІ

Тауардың атауы		!	СЭҚ ТН коды

1. Жасырын түрде акустикалық ақпарат алу мен тіркеуге арналған арнайы техникалық құралдар:			
1) жасырын түрде акустикалық ақпарат алу мен тіркеуге арналған сымды байланыс жүйелері;			8517 50-ден; 8517 80 900-ден;
2) жасырын түрде акустикалық ақпарат алу мен тіркеуге арналған радиоаппаратура			8525 10 900-ден; 8525 20 990-нан; 8527-ден
2. Жасырын түрде көзбен шолып бақылау мен құжаттауға арналған арнайы техникалық құралдар:			
1) кем дегенде мынандай бір белгісі бар			9006 20 000-ден;

фотокамера:

- тұрмыстық құралдарға ұқсатылып жасалған; 9006 51 000-ден;
- оптикалық жүйенің фокусы алға шығарылған (PIN-HOLE); 9006 52 000-ден;
- көздеуішсіз;
- камераны қашықтан басқару органдары бар

2) кем дегенде мынандай бір белгісі бар 8525 30-дан;
теледидарлық және бейнекамералар: 8525 40-тан

- тұрмыстық құралдарға ұқсатылып жасалған;
- оптикалық жүйенің фокусы алға шығарылған (PIN-HOLE);
- объектіге әлсіз жарықталуында (0,01 лк және одан да төмен) немесе қабылдау элементінде 0,0001 лк және одан да төмен жарықталуында жұмыс істейтін

3) кем дегенде мынандай бір белгісі бар, 8517 50-ден;
бейнекескіндеуді кабельдік, радио және 8517 80 900-ден;
оптикалық байланыс желілері арқылы беретін 8525 10 900-ден;
аппараттар кешені:

- алып жүретін шағын таратқыш; 8525 20 990-нан;
- таратқышты бүркемелеу мүмкіндігі 8527-ден
және/немесе басқа құрылғылар жұмысын атқаратындай көріну мүмкіндігі;
- берілетін ақпаратты шифрлау және/немесе цифрлау

3. Телефонмен сөйлесуді жасырын тыңдауға арналған арнайы техникалық құралдар:

1) телефонмен сөйлесуді жасырын тыңдауға 8517 50-ден;
арналған сымды байланыс жүйелері; 8517 80 900-ден;
8525 10 900-ден

2) телефонмен сөйлесуді жасырын тыңдауға 8525 20 990-нан;
арналған радиоаппаратура; 8527-ден

4. Байланыстың техникалық арналарынан, 8471 30 000-ден; компьютерлік жүйелер мен өзге де техникалық 8471 41 900-ден; құралдардан жасырын түрде ақпарат ұстау мен 8471 49 900-ден; тіркеуге арналған арнайы техникалық құралдар 8471 50 900-ден;

8517 50-ден;
8517 80 900-ден;
8527-ден

5. Пошталық хабарламалар мен жіберілімдерді жасырын бақылауға арналған арнайы техникалық құралдар 9022 19 000-ден
6. Нәрселер мен құжаттарды жасырын зерттеуге арналған алып жүретін шағын арнайы техникалық құралдар, рентгенжарықтаушы және рентген. теледидарлық аппаратура 9022 19 000-ден
7. Үй-жайларға, көлік құралдарына, және басқа да объектілерге жасырын енгізу мен тексеруге арналған арнайы техникалық құралдар:
- 1) бекітілген құрылғыларды ашуға арналған құралдар; 8301 70 000-ден;
- 2) алып жүретін шағын рентгенжарықтаушы және рентгентелевизиялық аппаратура 9022 19 000-ден;
9022 29 000-ден
8. Көлік құралдары мен басқа да объектілердің қозғалысын жасырын бақылауға арналған арнайы техникалық құралдар 8526 10 900-ден;
8526 91-ден
9. Ақпаратты сақтайтын, өңдейтін және беретін техникалық құралдардан оны жасырын түрде алуға (өлшеуге, жоюға) арналған арнайы техникалық құралдар 8471 30 000-ден;
8471 41 900-ден;
8471 49 900-ден;
8471 50 900-ден;
8517 50-ден;
8517 80 900-ден;
8527-ден
10. Тұлғаларды жасырын ұқсастыруға арналған арнайы техникалық құралдар, адамның психофизикалық реакцияларын көпарналы тіркеушілер 9019 10 900-ден
11. Ақпараттардың таралуының техникалық арналары 8471 30 000-ден;

мен енгізілген техникалық құралдарды,	8471 41 900-ден;
радиосәуле шығарушы құрылғылардың орналасқан жерін бақылау мен анықтауға арналған	8471 49 900-ден;
радиоаппаратураны қоса алғанда, анықтауға арналған арнайы техникалық құралдар	8471 50 900-ден;
	8525 20 990-нан;
	8526 10 900-ден;
	8527-ден;
	8543 89 900-ден

2-қосымша

Импорты лицензиялауға жататын, жасырын түрде ақпарат алуға арналған екіұдай қолданылатын техникалық құралдар түрлерінің ТІЗІМІ

Тауардың атауы	СЭҚ ТН коды
1. Акустикалық ақпараттарды қашықтықта түрлендіруге күшейтуге, өңдеуге және беруге арналған техникалық құралдар:	
1) кем дегенде мынандай бір белгісі бар, шағын (50x50x50 мм-ден кем) немесе ықшам жасалған микрофондар мен микрофондық күшейткіштер:	8518 10-нан;
- сезгіштігі 1 мкВ және одан да күшті (әрекет ету қашықтығы 20 м және одан да көп);	8518 40-ден;
- бағытталудың тар диаграммасы бар;	8518 50 900-ден
- акустикалық ақпараттарды инфрақызыл, ультрадыбыстық, оптикалық немесе жоғары жиілікті белгіге түрлендіріп, ақпаратты 50 м артық қашықтыққа беретін;	
- акустикалық сипаттамаларды жақсартатын құрылғылармен жабдықталған	
2) байланыстың сымды желілеріне (телефондық, радио тарату, компьютерлік және т.б.) орнатылатын кем дегенде мынандай бір белгісі бар жабдықтар:	8517 50-ден;
	8517 80 900-ден;
	8525 10 900-ден;
	8525 20 990-нан;
- акустикалық ақпараттарды инфрақызыл, ультрадыбыстық, оптикалық немесе жоғары жиілікті белгіге түрлендіріп, ақпаратты 50 м астам қашықтыққа беретін;	8527-ден

- ішінен жазғыш құрылғымен жабдықталған немесе сыртынан жазғыш құрылғаны қосу мүмкіндігі бар;
- телефонмен сөйлесуді тіркеу мен уақытын есепке алуға арналған;
- дербес қорек көзімен ұзақ (10 сағаттан артық) жұмыс істеу мүмкіндігі бар

2. Кем дегенде мынандай бір белгісі бар 8520 32-ден;
 акустикалық және/немесе бейне ақпараттарды 8520 33-тен;
 күшейтуге, өңдеуге, жазуға, сақтау мен қайта шығаруға арналған техникалық құралдар: 8520 90 900-ден,
 - шағын (50x50x50 мм-ден кем) немесе ықшам 8521-ден жасалған;
 - жазудың ұзақтығы 10 сағат және одан да артық болатындай немесе циклді жазу мүмкіндігі бар;
 - жазу жылдамдығын реттеу, ақпараттарды қайта шығару мен жазудың "өтпелі арнасын" пайдалану мүмкіндігі бар;
 - жұмысты қашықтан басқаруға мүмкіндік беретін немесе әлдебір белгі арқылы (акустика қосу және т.б.), не аппаратураны қосудың ұзақ кідірісін жүзеге асыратын ендірілген бақылау-өлшеу, радиоқабылдау және басқа құрылғылары бар;
 - дербес қорек көзімен ұзақ (10 сағаттан артық) жұмыс істеуге мүмкіндігі бар
3. Оптикалық немесе оптика-электрондық түрлендіру мен бейнені беруге арналған техникалық құралдар:
 - 1) кем дегенде мынандай бір белгісі бар объективтер 9002 19 000-ден;
 мен оптикалық түтіктер: 9013 10 000-ден;
 - оптикалық жүйенің кіріс саңылауының диаметрі 9013 80-нен;
 5 мм және одан да аз (PIN-HOLE); 9013 90 900-ден
 - көрінетін және инфрақызыл ауқымдарда сезгіштігін күшейтетін арнайы қаптамалары бар
 - 2) кем дегенде мынандай бір белгісі бар бейнекамера, 8525 30-ден;
 теледидарлық камера, цифрлы фотоаппарат: 8525 40-тан;
 - корпуссыз немесе шағын (100x100x100 мм және одан 8517 80 900-ден;
 да аз мөлшерде) жасалған;

- қашықтан немесе әлдебір белгі бойынша басқару 8525 10 900-ден;
мүмкіндігі бар; 8525 20 990-нан
 - объектінің әлсіз жарықталуында (0,1 лк және одан 8527-ден;
да төмен) немесе қабылдау элементінде 0,001 лк 9006 59 000-ден
және одан да әлсіз жарықталуында жұмыс істейтін;
 - 300 және одан да артық желіге оптикалық ажырату
кабілеті бар;
 - жазудың 5 сағат және одан да артық ұзақтығына
немесе циклді жазуға мүмкіндігі бар;
 - көзбен шолып алынған ақпаратты инфрақызыл,
ультрадыбыстық немесе жоғары жиілікті белгіге
айналдырып 50 м артық қашықтыққа беретін;
 - ақпаратты берудің түрлі сымды, радио және басқа
желілерін пайдаланатын;
 - инфрақызыл жарықтандырушы ендірілген құрылғысы бар
- 3) 830-850 нм ұзақ толқынды қашықтықта 10 мА/Вт 9005 80 000-ден;
сезгіштігі бар немесе 0,005 лк жарықталу 9027 50 000-ден
жағдайында 100 м және одан да астам қашықтықта
адамның сұлбасын тани алатын түнгі бақылау аспаптары

4. Кем дегенде мынандай бір белгісі бар радиохабар 8525 20 990-нан;
таратушы станциясы ауқымынан тыс жиілікте үйлесу 8526-дан;
мүмкіндігі бар радио қабылдаушы-таратушы аппаратура: 8527-ден;
- қабылдау жиілігінің кең ауқымы (3-тен 200 МГц-ке 8543 89 900-ден
дейін және одан да артық);
 - жиілік ауқымын автоматты танып көшіру;
 - орнатылған спектр талдағыштары бар немесе оларды
қосу мүмкіндігі бар;
 - түрлі әдістермен үлгіленген радиоақпараттарды
қабылдау мүмкіндігі бар;
 - радиосәулешығарушы құрылғылардың орналасқан
жерін анықтау мүмкіндігі бар

5. Телефонмен сөйлесуді көпарналы (екі және одан 8471 41 900-ден;
да көп желі) тіркеуге (жазуға) мүмкіндік беретін 8471 49 900-ден;
компьютерлер мен компьютерлік жүйелерді жабдықтауға 8471 50 900-ден;
арналған техникалық және бағдарламалық құралдар 8473 30 100-ден

6. Арнайы бөлінген ауқымның шегінен тыс 8526-ден

жиіліктердегі радиоэфирді бақылауға мүмкіндік беретін радиобағыттаушы және радиоторуылдауыш құралдар

7. Адамның психофизикалық реакциясын көп арналы тіркеуіштер 9019 10 900-ден

Пайдалану шарттары келісілгеннен кейін өткізу жүзеге асырылатын екіұдай қолданылатын техникалық құралдар түрлерінің Тізімі

1. Акустикалық ақпараттарды инфрақызыл, ультрадыбыстық, оптикалық немесе жоғары жиілікті белгіге өзгертіп ақпаратты 50 м артық қашықтыққа беретін шағын (50x50x50 мм-ден кем) немесе ықшам жасалған техникалық құралдар.

2. Оптикалық жүйенің кіріс саңылауы 2 мм-ден кем (PIN HOLE объективтерімен жабдықталған), не объектінің әлсіз жарықталуында (0,1 лк және одан да төмен) немесе қабылдау элементінде 0,001 лк және одан да төмен жарықталуында жұмыс істейтін корпуссыз немесе шағын (100x100x100 мм не одан да аз мөлшерде) бейнекамералар.

3. Телефонмен сөйлесуді көп арналы (екі және одан да көп желі) тіркеу (жазу) жүргізуге мүмкіндік беретін техникалық құралдар.

4. 3 МГц жоғары жиілік ауқымында радиоэфирді танып көшіру мен тыңдауға, сондай-ақ радиосәулелешіғарушы бұйымдардың орналасқан жерін анықтауға мүмкіндік беретін техникалық құралдар.

5. Адамның психофизикалық реакциясын көп арналы тіркеуіштер.

3-қосымша

басшысына

техникалық зерттеуден өткізуге

Өтініш

Арнайы техникалық құралдарға немесе екіұдай қолданылатын тауарларға жатқызу мәнін анықтау үшін техникалық зерттеуге ұсынылады:

Бұйымның атауы ! Үлгі ! Шығарылған ! Зав. N ! СЭҚ ТН

! ! у а қ ы т ы ! ! к о д ы

Бұйымның жинақтаушы құрамы, оның бөлімшектері мен жарақтарының
с и п а т т а м а с ы :

Н ! Атауы ! Мақсаты ! Көлемі, мм ! Саны, !Салмағы,
р/н ! ! ! дана ! кг

Осы өтінішке қосымша ұсынылады:

Атауы ! Нөмірі немесе белгісі ! Парақ саны

Бұйымның құрылымдық ерекшеліктері

туралы мәліметтер

Пайдалану бойынша басшылық

Бұйымның төлқұжаты (формуляр)

Жеткізуші мен тұтынушы арасындағы
жеткізуге арналған келісім-шартының

(шарттың) көшірмесі

Қосымша ұсынамын:

Б ұ й ы м н ы ң ү л г і с і

Бұларға қоса бұйым туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:
Бұйымды пайдалану құқын растайтын құжаттардың атауы, күні мен нөмірі

(сатып алу-сату шарты, авторлық құқығы және т.б.)

Бұйым

арналған

(мақсаты мен қолданылу саласы)

Б ұ й ы м д ы а л у м а қ с а т ы

(өткізу, жеке тұтыну)

Бұйымды тұтынушы туралы мәліметтер

(фирманың ұйымдастыру-құқықтық нысаны мен мекен-жайы көрсетілген атауы)

Бұйымды шығарушы туралы мәліметтер

(шығарушы фирманың атауы, өз әзірлеген/өндіргені)

Басшы -----
(фирма атауы) (қолы) (тегі)
Құрылымдық ерекшеліктері туралы
мәліметтер -----
(бұйымның атауы)

1. Бұйымның қолданылуына қатысты ақпараттық объектінің негізгі техникалық сипаттамасы (жиіліктер спектрі, тіркелуші белгілердің түрлері мен қуаты, бұйымнан объектіні мейілінше қашық ұстау және басқа):

2. Бастапқы ақпаратты алудың әдістері (гальваникалық, индукциялық қосу, радиобақылау, көзбен шолып бақылау, ену, ашу, химиялық құрам қолдану және т. б.) :

3. Бастапқы ақпарат көзінің ауқымы көрсетілген бақыланушы жиіліктер спектрі :

4 . С е з г і ш т і г і :

5. Оптикалық жүйелердің кіріс саңлауының диаметрі:

6. Кескін беру кезіндегі рұқсат:

7. Бастапқы ақпаратты алуға құрылғының бағытталу диаграммасының негізгі с и п а т т а м а л а р ы :

8. Қолданылған химиялық құрамның мақсаты мен өлшемдері:

9. Негізгі құрылғылардан қашықта аспаптардың жұмысын қамтамасыз ететін ендірілген құрылғылардың және басқа құрылғылардың болуы:

10. Бастапқы ақпаратты құжаттау әдістері:

11. Жазып алушы құрылғыларды іске қосу мүмкіндіктері мен әдістері:

12. Желілердің түрі мен сипаттамасы көрсетілген ақпаратты беруге арналған түрлі желілерді пайдалану мүмкіндігі, пайдаланылушы радиоарнаның деректер беру ақпаратты беру қашықтығы, бастапқы ақпаратты шифрлау мүмкіндігі:

13. Ақпаратты жазушы құрылғының жұмыс істеу қағидаты:

14 . А қ п а р а т к ө з і :

15. Ақпаратты жазу ұзақтығы:

16. Ақпаратты циклді жазу мүмкіндігі:

17. Жазу жылдамдығын реттеу мен жазуды қайта шығару, аудиожазбаны жүзеге асыра отырып, бір мезгілде оның сапасын бақылау үшін ("өтпелі арна") мүмкіндігінің болуы, жазудың ұзақтығы:

18. Бұйымның қашықтан басқару мүмкіндігі:

19. Әлде бір белгі бойынша автоматты қосу (акустоқосу және т.б.) мүмкіндігі:

20. Аппаратураны қосуда ұзақ кідіру мүмкіндігі:

21. Арнайы мақсатта ендірілген құрылғылардың болуы мен оның мақсаты:

22. Айрықша механикалық беріктігін қамтамасыз ететін арнайы шаралар, олар неге байланысты қажет:

23. Бөгде адамдардың жіберілуін шектейтін құралдың болуы:

24. Аппаратураны түрлі ортада пайдалану мүмкіндігі, қандай ортада:

25. Арнайы, соның ішінде химиялық және өзге де материалдарды қолдану:

26. Бұйымды аппаратураға немесе басқа мақсаттағы нәрселерге орнату мүмкіндігі:

27. Түрлі қоректендіру көздерін пайдалану мүмкіндігі (қандай көз екенін және қоректендірудің берілу әдісін көрсету керек):

28. Дербес қоректендіру көзінен жұмыс ұзақтығының мүмкіндігі (тұтыну сипаттамасын және пайдаланылып отырған қоректендіру көзін, ауыстырмай жұмыс істеу мерзімін көрсету керек):

Басшы -----

(фирма атауы)

(қолы)

(тегі)

4-қосымша

Сатылған екіұдай қолданылатын техникалық құралдардың Тізілімі

1. Қосымша келісімсіз өткізілген техникалық құралдар:

N ! Бұйымның атауы ! Үлгі ! N ! Сатып алушы туралы деректер
р/н! ! ! (ұйым атауы, тегі, мекен-жайы)

2. ҚР ҰҚК-мен келісілгеннен кейін өткізілген техникалық құралдар:

N ! Бұйымның атауы ! Үлгі ! N ! Сатып алушы туралы ! Келісім
р/н! ! ! деректер (ұйым атауы, ! құжатын
! ! ! тегі, мекен-жайы) ! тіркеу N

5 - қ о с ы м ш а

(ҚР ҰҚК лицензиялық органының атауы)

б а с ш ы с ы н а

Өтініш

Екіұдай қолданылатын бұйымның пайдалану тәртібін келісуіңізді сұраймыз:

Бұйымның атауы ! Үлгі ! Шығарылған ! Зав. N ! СЭҚ ТН
! ! күні ! ! коды

Бұйымның жинақтаушы құрамы, оның бөлімшектері мен жарақтарының
с и п а т т а м а с ы :

N ! Атауы ! Мақсаты ! Көлемі, мм ! Саны, !Салмағы,
р/н ! ! ! дана ! кг

Осы өтінішке қосымша ұсынылады:

Атауы ! Нөмірі немесе белгісі ! Парақ саны

Пайдалану бойынша басшылық

Бұйымды құрастыру сызбасы (сұлбасы)

Фирма қызметкерлері бақылаудан
өткізу туралы алдын-ала
хабарланғанын растайтын құжат

Қ о с ы м ш а ұ с ы н а м ы н :

Бұларға қоса, бұйымның пайдалану тәртібі туралы мынадай мәліметтерді
х а б а р л а й м ы н :

Б ұ й ы м д ы а л у

мақсаты -----

(бақылауды жүзеге асыру, күнделікті жұмыста пайдалану)

Бұйымды пайдаланушылар саласына кіретін адамдар санаты

(фирма қызметкерлері, азаматтар)

Басқа да мәліметтер

Басшы -----

(фирма атауы)

(қолы)

(тегі)